

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Үлкен және Кіші Шыбынды өзендері мен олардың салалары: атауы жоқ, Лабыза, Левый ключ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 446 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 желтоқсанда № 8001 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Үлкен және Кіші Шыбынды өзендері мен олардың салалары: атауы жоқ, Лабыза, Левый ключ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Үлкен және Кіші Шыбынды өзендері мен олардың салалары: атауы жоқ, Лабыза, Левый ключ бұлақтарының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар
 министрлігі Су ресурстары комитетінің
 Су ресурстарын пайдалануды реттеу
 және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
 инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М .

И м а н ж а н о в

2020 жылғы " ____ " _____

Шығыс Қазақстан
 облысы әкімдігінің
 2020 жылғы 22 желтоқсандағы
 № 446 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Үлкен және Кіші Шыбынды өзендері мен олардың салалары: атауы жоқ, Лабыза, Левый ключ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Үлкен Шыбынды өзені Салалары:	9,032	903,2	500	9,032	63,224	35
Лабыза бұлағы	0,831	83,1	500	0,831	5,817	35
Левый ключ бұлағы	0,92	92,1	500	0,92	6,44	35
Атауы жоқ № 1 бұлақ	0,139	13,9	500	0,139	0,973	35
Атауы жоқ № 2 бұлақ	2,309	230,9	500	2,309	16,163	35
Атауы жоқ № 3 бұлақ	0,945	94,5	500	0,945	6,615	35
Атауы жоқ № 4 бұлақ	1,248	124,8	500	1,248	8,736	35
Атауы жоқ № 5 бұлақ	1,968	196,8	500	1,968	13,776	35

Атауы жоқ № 6 бұлақ	1,125	112,5	500	1,125	7,875	35
Атауы жоқ № 7 бұлақ	0,941	94,1	500	0,941	6,587	35
Атауы жоқ № 8 бұлақ	0,601	60,1	500	0,601	4,207	35
Атауы жоқ № 9 бұлақ	2,156	215,6	500	2,156	15,092	35
Кіші Шыбынды өзені Салалары:	6,193	619,3	500	6,193	43,351	35
Атауы жоқ № 10 бұлақ	1,54	154	500	1,54	10,78	35
Атауы жоқ № 11 бұлақ	0,298	29,8	500	0,298	2,086	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтарымен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК